**1-билет.**

**1.Әлеуметтану ғылым ретінде. Объектісі және пәні.** Социология қоғам дамуының заңдарын да ашады және оларды зерттейді. Осыған орай, социологияны әлеуметтік жүйенің өмір сүруі мен дамуының заңдары туралы, сол заңдардың субъектілерінің, яғни әлеуметтік үлкен және кіші топтардың ғылымы ретінде сипаттауға болады. Социология пәні жөнінде ғалымдар арасында жүзден асқан түрлі пікірлер бар. Оларды екі топпен бағытқа бөлуге болады: 1) ғылымның пәнін анықтауды, ғылымның түбірлі ұғымын анықтаумен байланыстырып отырған ғалымдар. Мысалы, П.Сорокин социологияның пәні тек адамдардың өзара қатынасын, Н.Смелзер - әлеуметтік катынастарды, В.Ядов -қауымдастықты, Г.Осипов - әлеуметтікті қарастыру керек дейді; 2) социология пәнін өздерінің ғылыми зерттеу жұмысыньң нақты қорытындысымен байланыстырған ғалымдар. Мысалы Э.Дюркгейм - социология пәніне өз зерттеуінің нәтижесі болып табылатын -әлеуметтік фактіні, неміс ғалымы М.Вебер - адамның мінез-құлқын, К.Маркс-әлеуметтік жүйе күйіндегі қоғамды және оның құрылымдық элементтерін қарастырған. Осы тұрғыдан қарағанда, социология пәніне мынандай анықтама беруге болады: социология - қоғамның құрылысы, өмір сүруі мен дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік зандылықтары жайлы және сол заңдылықтардың адамдар мен олардың бірлестіктер және тұтас қоғамның өмірі мен өзара карым-қатынастарында іске асырудың жолдары, формалары мен әдістері жайлы ғылым.

**2. Социология құрылымы.** Социология білімінің құрылымы қоғамдық құбылыстар мен процесстер жөніндегі ақпараттардың және ғылыми түсініктер мен ұғымдардың жәй ғана жиынтығы емес. Бұл құрылым әлеуметтік түрлі деңгейдегі процесстер туралы, жеке адамдар, әлеуметтік топтар немесе бүтін қоғам жөніндегі өзара байланысқан түсініктер, ұғымдар, көзқарастар, теориялар жүйесі ретінде байқалады.

Социологиялық түсініктер мен ғылыми білім, әсіресе оның құрылымы көп жағдайда бірнеше факторларға байланысты қалыптасады, оның ішінде социология зерттейтін объектілер шеңбері ғылыми нәтижелер мен қорытынды тереңдігінің ерекшелігі.

Социология білімінің құрылым бастауы юолып қоғамға тұтас әлеуметтік организм ретінлегі білім шығады. Бұл қоғамдық қатынастар жүйесі, олардығ мазмұны және өзара байланынысы туралы білім. Табиғаттың және қоғамдық қатынастардың мәнін түсіну, қоғамда бар әлеуметтік субъектілердің өзара әрекетінің мәнін терең пайымдауға мүмкіндік береді.Қоғам туралы білім, оның дамуының обьективтік заңдарын, қоғам өмірінің негізгі салалары жөніндегі түсінікті және олардың өзара әрекетін , материалдық, саяси жіне рухани мәдениетінің өзара ықпалы туралы білімді өз бойына жинап сіңірген.

Социология білімінің құрылымына, социологиялық теориялар мен көзқарастар көрсететін қоғамдық ауқымына орай жекелеген деңгейлері бөліп айтуға болады:

Жалпы теориялық социология

Орта деңгейдегі социология теориялары.Бұған, мәселен қала социологиясы, білім беру социологиясы, саясат социологиясы, т.б. жатады.

Нақты социологиялық зерттеулер

Социология білімінің құрылымын құрайтын ол саясат социологияға жататын ғылыми түсініктер, көзқарастар, теориялар. Мұнда социологияның назары саяси қатынастар жүйесіндегі, әсіресе өкімет билігі қатынастар жүйесіндегі қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының нақты жағдайын анықтауға аударылады. Социолгия қоғамда жүріп жатқан саяси процесстерге нақты ықпал жасайды. Осы тұрғыдан түрлі саяси партиялар және қозғалыстардың қызметі, қоғамның бүкіл саяси жүйесінің өмір сүруі қарастырылады.

**3. Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы.** Біздің әрқайсысымыз әр түрлі деңгейде радио тыңдаушысы, газет, журнал, ғылыми әдебиет оқырманы ретінде бақылау әлеуметтік зерттеулермен ұштасады. Мүмкін, адамның өзі де бұл зерттеулерге респондент, яғни оқылатын процестер мен құбылыстар жөніндегі алғашқы ақпарат көзі ретінде тартылады. Бүгінде жоғары мектептің дипломы бар әрбір адам осындай зерттеулерді ұйымдастыра білуі керек. Берілген тақырыптың мақсаты-бақылау әлеу-к зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі жөнінде түсінік беру, негізгі түсініктер мен процедуралармен таныстыру, ғылыми дүниетанымды кеңейту, сондай-ақ ақиқатты танып білудің меншікті моделін өндеуге пайдалы материал беру. Әлеу-к зерттеудің кәсіби қабылдауларын, дағдыларын және қабілеттерін өңдеуге іс жүзінде оқып-үйренуді күшейту әлеуметтануды инженерлік қызмет ретінде түсінуді қалыптастыруда аса қажет болып табылады. Әлеу-к зерттеудің нақты түрі оған қойылған мақсат пен шарттардың сипатымен көрсетіледі. Осыған сәйкес әлеу-к зерттеудің 3 түрін ажыратады:

*1) бақылаулық, 2) суреттемелік, 3) сараптамалық.* Бақылаулық әлеу-к зерттеу(пилотаждық) мазмұны бойынша шектелген мақсаттарды шешеді.Бақылаулық зерттеулер н/е құбылысты алдын ала зерттеуге арналған,проблема аз ауқымда болғнда ол зат пен объект жөнінде толық ақпаратты анықтап береді, гипотезаны дұрыстайды.Сараптамалық зерттеулер-оқылатын құбылыстың элементтерін суреттеуге ғана мақсат етіп қоймай, сондай-ақ оның негізінде жатқан себептерді түсіндіру де мақсат еткен әлеу-к аналищдің ең тереңдетілген түрі, бақылау әлеу-к зерттеулерде әрқайсысында маңызды процедура бар 3 негізгі типті бөліп айтуға болады: дайындық сатысы(зерттеу бағдарламасын өңдеу), негізгі (бақылау зерттеулерін жүргізу), тәмамдайтын(мәліметтерді өңдеу мен талдау, қорытындылар мен нұсқауларды қалыптастыру). Нақты әлеу-к зерттеулер-әлеуметтану және жаратылыстану ғылымдарының өкілдері ішінен ерекшелеп тұратын өзіндік бір бөлігі. Бақылау

әлеу-к әдістерді меңгеру зерттеушіден тек қана әлеу-к пәндерді ғана емес, сондай-ақ әлеу-к философия, психология, әсіресе математиканы, статистикалық әдістерді, информатиканы білуден тұратын байсалды кәсіби дайындықты талап етеді. Бақылау әлеуметтанымал жаратылыс мамандары болуы бекер емес (мысалы, Галилей, Лаплас). Әлеу-к зерттеу жүргізу үшін бағдарлама жасалады. Бағдарлама деп ғылыми ізденістің әдістемелік және әдістеме шарттарын қамтитын құжатты айтады. Бағдарлама әдістемелік, әдістеме және зерттеуді ұйымдастыру тауарларынан тұрады.Әдістемелік тарауда зерттелетін проблема және оның тұжырымы зерттеудің мақсаты анықталады.

**2-билет.**

1.**Әлеуметтанудың әдісі.** Социологиялық зерттеулерде ықтималдықты іріктеумен қатар мақсаттылықты үлгісі қолданылады. Ол өзі тағы бірнеше түрге бөлінеді: стихиялы, негізгі көлемділік және квоталық (үлестік) тәсілдері. Мұнда ықтималдық теориясының ережелері қолданылмайды. 1) Іріктеудің стихиялы тәсілін пошта арқылы кез келген басылымдардың оқырмандарына, сол сияқты радио тыңдармандарына, телекөрермендерге, интернетті пайдаланушыларға сұрау өткізуді айтуға болады. Бұл жағдайларда алдын ала жауап берушілердің көлемінің құрылымын білу мүмкін емес. Мұнда жасалынатын зерттеу қорытындысы тек қана осы сұралғандар жиынтығының кезқарасы ретінде бағалануы тиіс. Себебі өкілеттілік талабының орындалмауы екіталай. Жауап беретіндер не колы бос зейнеткерлердің, не аса белсенділер, не тақырып жөніндегі білгірлер. Мамандар басым болып жеке пікірді білдірушілер ретінде әлеуметтік топтардың бәрінің көзқарасын бейнелей алмайды. Әр жіктің ішінде одан әрі қарай білімі жәнс табыс деңгейі бойынша сұрыптағанда ақиқаты толығырақ анықталады.

Барлаушы зерттеулерде таңдаудың негізгі көлемдік тәсілі қолданылады. Бұл әдіспен таңдалған бірліктің (бір ұжым, бір мекеменің) басым көпшілігіне (60-70%) сұрау жүргізіледі.

2) Нақтылы болғандықтан кеңінен таралған әдіс - үлестік іріктеу амалы болып табылады. Оның ең негізгі талабы алдын ала зерттелетін жалпы жиынтықтың басты белгілері туралы статистикалық мәліметтердің болуы қажет. Көбінесе басты белгілері төрттен аспауы керек: білімі, табысы, аумақтық орналасуы, ұлты т.б. Іріктелген жиынтықта осы белгілердің үлесі болады.

Сөйтіп ең маңыздысы, іріктелген жиынтықтың көлемін анықтағаннан кейін, оның бөлшектерінің өкілеттілік үлесін қамтамасыз ету. Бір жағынан, іріктелген жиынтық "статистикалық елеулі" болуы тиіс. Осы шарт орындалғанда ғана сенімді, ең анық ақпаратты, әлеуметтік деректерді жинау мүмкін болады.

**2. Қоғам , оның негізгі белгілері.** Әлеуметтануда "қоғам" түсінігі негізгі ұғымдарға жатады. Социология қоғам туралы жалпылама ғылым ретінде адам қоғамы қалай құрылатынын, жүйе ретінде қалай қалыптасатынын және қызметтену заңдылықтарын зерттейді.

Қоғамның ерекше өзгешелігі оның өзара байланыстарының жоғары үдемелі қарқындылығын сақтауға және ұдайы өндіруге қабілетті болуы.

Қоғамның үшінші ерекше белгісіне өзін-өзі билеу мен жоғары деңгейдегі өзін-өзі реттеу жатады. Қоғам өзін-өзі билеуге көп қызметтену арқылы жетеді.

Қоғамның төртінші айырмашылық нышаны — оның үлкен интеграциялық (кіріктірушілік) пәрмені. Қоғам адамдардың әр жаңа ұрпағын әлеуметтендіреді, оны қалыптасқан қатынастар жүйесіне енгізеді, көпшілік мақұлдаған мөлшерлер мен ережелерге бағындырады.

**3. Бағдарламаның құрылымы.** Социологиялық зерттеулер жоспарлаудан басталады. Ол түбегейлі құжат болып саналады. Жоспардың төрт топқа бөлінеді бірінші кезеңде зерттеуді талқылау мен бекіту тәртібі белгіленеді. Ең алдымен: а) бағдарламасы дайындалады; б) зерттеу құрал-сайманы әзірленеді; в) бастапқы мәліметті жинайтын топты құрады және дайындайды; г) барлаушы зерттеу өткізіледі; д) оның нәтижесінде құрал-сайманның кемшіліктерін түзетеді; е) құрал-сайманды көбейтеді; ж) зерттеуге қажетті қаржыландыру есебі дайындалады.

Екінші топқа жоспарда белгіленетін барлық ұйымдық және әдістемелік жұмыс түрлері кіреді;

Үшінші топқа есептеу машинаға бастапкы жинаған деректерді әзірлеу тәсілдері мен қимылдардың жиынтығы жатады. Төртінші топқа мәліметтерді өндеп, алынған нәтижелерін сараптау жұмыстарының барлық турлері кіреді. Қорытындысында есеп және нұсқаулар жазылды.

Зерттеу бағдарламасының құрылымы екі негізгі бөліктерден тұрады: 1. Тәсілнамадық (методикалық) және әдістемелік. Осы екеуін жан-жақты, әрі терең ойластырылғанда ғана зерттеу жоғары сапалы деңгейде жүргізіледі. Зерттеудің тәсілнамалық бөлігінде: 1) әлеуметтік мәселені тұжырымдау мен негіздеу; 2) зерттеудің мүддесін көрсету; 3) объектісі мен тақырыбын анықтау; 4) негізгі ұғымдарды қисынды талдау; 5) жұмыстық болжамдар мен мақсаттарды қорытындылау жасалынады.

**3-билет.**

**1. Әлеуметтанудың қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны және ерекшелігі**

Әлеуметтік философия адамның өмір сүруінің түпкі себептерінің мэцгі негіздерін дара тұлғалардың әлеуметтік өзара қағынастарын анықтайтын, белгілейтін қозғаушы күшін, қайнар көзін түсіндіруде жетекші қызмет атқарады. Дүниенің философиялық ұғынылуы шындықтың теориялық танымының жоғары тұрпаты ретінде ғылыми білімнің ең дамыған ұйым-дастыру түрі болып табылады. Нақ пэлсапа шеңберінде білімді талдау мен тұтастау (жинақтау), жалпылау, қарапайым құбы-лыстардан мазмұнға жету, жеке деректерден оның жалпы дүниелік мағынасын анықтау амалдары өз кемеліне жетті. Әлеуметтік өмірді ұғыиуда пэлсапалық ойлауға жалпылық ғана емес, тұтастық, концептуалдық тэн. Ол социологияға қарағанда жалпылығы кеңірек теориялық және тәсілнамалық негіз жасайды. Қоғамның

Мәнін тұтас алып көрсететін әлеуметтік философия әлеуметтануға қоғамның жеке бөлшектерін осы

тұтастықпен тығыз байланыс-та қарауға мүмкіндік береді. Әлеуметтану жалпы заңдылықтарға сүйеніп, өзінің мәні мен объектісіне сай нақты әлеуметтік байла-ныстар мен өзара әрекеттерін сипаттайтын заңдар мен ұғымдарды зерттейді. Екінші жағынан, әлеуметтану қоғамдық өмірге нақты талдау жасап беріп, әлеуметтік философияның ғылыми ұғымдары мен пәндік мазмұнын байытуға мүмкіндік туғыза-ды. Ақиқат өмірімен, тәжірибемен, оның байланыстарын кеңейту мен тереңдету арқылы қағидаларын дәлелдеп және нақтылап береді. Бірақ бір-бірімен тығыз байланысы мен өзара енуі олардың өздері ғана айналысатын мәселелерін ауыстырмаса керек.

Жалпы социология қоғамды тұтас алып, бірыңғай жүйе ретінде өзгеше және бөлінбейтін, бүтін организм деп қарайды. Ал жеке гуманитарлық пәндер қоғамның бір саласын - экономиканы, құқықты, тарихты, психологияны, дінді, саяси жүйені зерттейді. Алдымен тарихты қарағанымыз абзал. Тарих өз дамуы мен білімі арқылы социологияның қалыптасуын қамтамасыз етті. Тарихты жинайтын әр түрлі әлеуметтік құбылысіар мен қоғамның даму кезеңдері туралы нақты мағлұматтар жалпы социологиялық заңдарды ашуға мүмкіндік туғызады. Бірақ бұл заңдардың тұ-жырымын табиғи ғылымның өзі емес, социолоғия ғылымы жасайды. Жалпы әлеуметтану тарихы көрсеткен әлеуметтік құбылыстың белгілі түрінің жалпы қасиеттерін анықтап береді. Егер де тарихи деректермен оқиғаларды суреттесе, социология ұғымдарға сүйеніп жалпылайды және тұжырымдайды. Ал оны тарих өз пәнін тереңдеп көрсетуге қайтадан пайдаланады.

**2. Қоғамның әлеуметтік құрлымы.**Қоғамның әлеуметтік құрылымы әлеуметтік жүйенің бөлімі және екі компоненттен тұрады: әлеуметтік байланыс жəне әлеуметтік құрам. Әлеуметтік құрам - әлеуметтік құрылымды құрайтын элементтердің жиынтығы. "структура" (құрылым) термині - structura латын тілінен алынған - ол, жалпы алғанда, белгілі бір заттың, құбылыстың элементтері арасындағы байланыстардың айтарлықтай бір тұтастығын білдіретін термин. Әлеуметтік құрылым - әлеуметтік жүйедегі элементтердің тұрақты байланысы. Қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі - белгілі мәртебесі бар және белгілі әлеуметтік қызмет атқаратын жеке адамдар, ал жеке адамдар - мәртебелік белгілеріне сәйкес топқа бірігеді. Әлеуметтік құрылым қоғамның бірліктерге, тапқа, топа жікке бөлінуін көрсетеді, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының да көптеген критерияларына сәйкес әртүрлілігін корсетеді. Әлеуметтік құрылымның әрбір элементі өз тарапынан, өзінің байланыстарына қарай күрделі әлеуметтік жүйе. Т.Парсонстың пікірі бойынша қоғам жүйе есебінде төмендегі кызметті карағанда ғана өмір сүреді: 1) коғам өзгерген жағдайға және адамдардың өскен (ночросиий) материалдық тілегі бейімделу қабілетіне ие болуы керек, ішкі ресурстарды тиімді ұйымдастыруға және бөлуге қабілетгі болуы; 2) оның негізгі мақсат және міндет іске асыруға қабілетті болуы және оларды іске асыратын процестерді қолдауы; 3) жеке адамдардың қабылдаған жалпы нормалары мен құндылыктардың тұрақтылығын сақтауы; 4) қоғамның интеграциялау қабілетіне, жаңа ұрпақты жүйеге тарту қабілетін іске асыруы. Әлеуметтік құрылым біздің өмір шындығымызды түсіндірудің негізі болып есептеледі. Әрбір адамның өз статусы бар, яғни әлеуметтік орны бар, себебі олардың әрқайсысы белгілі "әлеуметтік топқа жатады. Олардың жыныс, жас, шығу тегі, білім көлемі, кәсіби атқаратын қызметі, тұратын жері, отбасылық этностық басқадай жағдайында байланысты солармен сипатталады. Сонымен бірге әлеуметгік топтардың территориялық және демографиялық сипаты болады.

**3. Әлеуметтік зерттеудің міндеттерін анықтау.** Біздің әрқайсысымыз әр түрлі деңгейде радио тыңдаушысы, газет, журнал, ғылыми әдебиет оқырманы ретінде бақылау әлеуметтік зерттеулермен ұштасады. Мүмкін, адамның өзі де бұл зерттеулерге респондент, яғни оқылатын процестер мен құбылыстар жөніндегі алғашқы ақпарат көзі ретінде тартылады. Бүгінде жоғары мектептің дипломы бар әрбір адам осындай зерттеулерді ұйымдастыра білуі керек. Берілген тақырыптың мақсаты – бақылау әлеуметтік зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі жөнінде түсінік беру, негізгі түсініктер мен процедуралармен таныстыру, ғылыми дүниетанымды кеңейту, сондай-ақ ақиқатты танып білудің меншікті моделін өңдеуге арналған пайдалы материал беру. Көлемді суреттеу зерттеу ізденістердің маңызды элементі болып табылады. Өйткені, зерттеуші мәселені анықтайды, оны тереңдетеді, мақсат-шарттарын анықтайды. Ең бастысы, ол: а)оқылатынобъект құрылымы; б) окылатын әлеуметтік құбылыстар арасындағы байланыс сипаты; в) әлеуметтік мәселелерді шешуге болатын мүмкін жағдайлар жөнінде негізделген тұжырымдар - гипотеза қоюға өзі жол табады. Зерттеуді ұйымдастыруда гипотеза рөлі өте маңызды. Ол ғалымның шығармашылық ізденісінің басты аспабы болып табылады. Ғылыми гипотезаны мақұлдауға немесе одан бас тартуға ұмтылыс ғылыми зерттеудің негізгі мәні, бағыт-бағдары болып табылады. Жорамалар іздестірулер ұйымдастырады, бөліп алады да, түрлаусыздарын шетке шығарады. Жорамал зерттеу жұмысының қорытындысын алдын ала анықтауы тиіс. Жорамалсыз бәрі түсінікті болса, зерттеу жүргізудің қажеттігі болмас сді. Жорамалға қойылатын талаптар бар: анық тексерістен өтетін, қарама-кайшылықсыз болуы шарт. Гипотезаны бастапқы және екіншілік деп бөледі. Бастапқы гипотеза ақпарат жиналғанға дейін тұжырымдамалады. Егер де ол зерттеу барысында жоққа шығарылатын болса, онда оның орнына екінші гипотеза ұсынылатын болады. Идея жорамал жоқ кезде зерттеу жақсы жағынан алғанда суреттемелік болады да, жаман жағынан алғанда ғылыми мағынасыз болады. Біздің жағдайда гипотезалар (сәйкесінше контргипотезалар) келесі типті болын келеді: а) студенттерді материалды камыгу жағынак бастаушы фактор ата-аналармен материалды-қаржылай байланыстар. Салдары: студенттің өмір сүру деңгейі мемлекет бөлген қаржымен емес, ата-ананың материалдық жағдайымен, жұмыссыздықтың өсуімен анықталады т.с.с; б) студенттердің қаржы-табыс табуы мен оқуы факторлары арасындағы анық байланыстың болмауы.

**4-билет.**

**1.Әлеуметтанудың құрылымы.** Әлеуметтанудағы эмпирия және теория проблемалары. Қазіргі батыс социологиясы шартты түрде екі тең емес бөліктерге - эмпирикалық және теориялық деп бөлінеді. Кәсіби социологтардың көп бөлігі біріншісімен айналысады. Бұл бөліктердің әрқайсысының табиғаты, тарихи, динамикасы бар.

Эмпирикалық социологияның негізін салушылар - Уильям Томас (1863-1947) пен Флориан Знанецкий (1882-1958). Зерттеу жүргізетін ұйымдарының саны жағынан да, қолданбалы салаға бағытталған студенттерінің саны жағынан да эмпирикалық социология негізінен университеттер мен академиялық институттарға шоғырланған теориялық социологиядан асып түсті. Бірақ дүниені түсінудегі маңызы, саяси және басқа да бағдарламалардың теориялық негіздемелерін қалыптастыруда теориялық социологияның әсері эмпирикалық социологияға қарағанда әлдеқайда жоғары.

XX ғасырдағы батыс теориялық социологиясы бағыттарының ішінде мыналарды атап өткен жөн: функционализм, құрылымдық функционализм, конфликтология және "орта деңгей" теориясы. Бұл парадигмалардың бірде біреуі сан қырлы әлеуметтік өмірге әмбебап түсінік бере алмайды, бірақ өз әдістері призмасының арасынан қоғамды түсінудің негізгі мәселелерін көруге мүмкіндік береді.

**2.Қоғамның түрлері және қызметі.**Үстірт қарағанның өзінде қазіргі қоғамдардың әр алуандығы байқалады. Қоғамдардың айырмасы анық (тілі, қатынаста болуы, мәдениеті, саяси құрылысы және т.т.), не онша анық емес (тұрақтылық деңгейі, әлеуметтік тұтастыққа бірігу деңгейі) бөлінеді. Қоғам аса күрделі, көп деңгейлі құрылым болғандықтан, мұнда қандай да болсын әмбебапты топтастыру мүмкін емес. Көп таралған таптастыру бойынша қоғамдар дәстүрлі және индустриялды түрлеріне бөлінеді.

Бірінші тарихи қоғамды олар аңшылар мен жинаушылар қоғамы деп көрсетті. Осындай қоғамдардың басым көпшілігі көшпелі тұрмыс қалпында өмір сүреді, аңшылықпен айналысады.

Екінші қоғамның түрін олар бақ өсірушілік деп атады.

XVIII ғ.а. бастап өнеркәсіптік қоғамдардың негізін Ұлыбританиядағы индустриялық даму қалады.

Қоғамдардың төрт түрінің өзгешіліктерін (экономикалық, әлеуметтік, саяси, туысқандық тұрғысынан) суреттеу әлеуметтік институттардың өзара байланысты екенін көрсетуге, бір-бірімен өзгеше келісушілікте болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Ф. Теннистің "қауым" және "қоғам" деген ұғымдары дәстүрлі қоғам мен қазіргі қоғамның айырмасын көрсетеді

Қазіргі ең тараған таптастыруда (д. Белл, а. Турен, у. Ростоу, р. Арон және басқалары) қоғамдарды дәстүрлі және өнеркәсіптік деп бөледі. Дәстүрлі қоғамға ауыл шаруашылық, экономика, көп қозғалмайтын әлеуметтік құрылым, дәстүрге негізделген әлеуметтік-мәдени реттеушілік тән.

Индустриялды (өнеркәсіптік) қоғамдар тікелей ғылыми техникалық дамудың деңгейімен анықталады. Қазіргі дүниедегі ең елеулі тарихи өзгерістер аграрлық дәстүрлі қоғамдардан өнеркәсіптік қоғамдарға өтумен байланысты.

**3. Әлеуметтік зерттеудің тәсілдемесі мен тәсілдері.** Әлеуметтану зерттеулерінде миллиондаған адамдардан жүздеген адамдар объект ретінде алынады. Адамдар саны көбейген сайын барлығына жаппай сұрау өткізу мүмкін болмай қалады. Сұрау жүргізетін адамдардың саны шектеулі болады, ал олардың тиімді, сапалы жұмыс өткізуі үшін 5-6 адамды сұраумен шектелу қажет. Ал негізгісі қаржы мен уақыттың көп кететіндігіне байланысты зерттелетін жиынтықты ішінара тексеру мүмкін болады. Зерттелетін жиынтықтың арнайы іріктеп алынатын бөлігін ғана толық зерттеу қажет, өйткені оған ұқсас болатын азғана бөлігін іріктеу тәсілін қолданып алғанымыз жеткілікті. Ішінара тексеру барлық жағынан ұтымды әдіс.Іріктеудің екі үлгісі кең қолданылады: ықтималдықты және мақсапылықты. Олардың әрқайсысының бірнеше түрлері бар.Іріктеудің ықтималдықты үлгісі ықтимал деген түсінікпен байланысты. Әр нәрсенің өмірде болуы ықтимал. Әр оқиға қайталануы мүмкін. Неғұрлым көп санды заттар, адамдар, түрлі құбылыстарға талдау жасалынса, оның ұқсас жақтары, қасиеттері соғұрлым көбірек қайталана береді.

Араластырудың негізгі шарты оны мұқият жасау қажет, сонда ғана әр адам, яғни жалпы жиынтықтың бөлшегі іріктелген жиынтыққа түсуінің ықтималдығы тең болуға барынша жақындайды. Бұл кездейсоқ тәсілдің ең қарапайым түрі.

Ал зерттелетін жалпы жиынтықтар көбінесе көп санмен анықталатын болғандықтан, басқа тәсілдерді кеңірек пайдаланады. Бүкіл қоғамның әлеуметтік-құқықтық жағдайын іріктеудің механикалық тәсілі арқылы оқылуы ұтымды.

Социолоиялық зерттеулерде ықтималдықіы іріктеумен қатар мақсаттылықты үлгісі қолданылады. Ол өзі тағы бірнеше түрге бөлінеді: стихиялы, негізгі көлемділік және квоталық (үлестік) тәсілдері. Мұнда ықтималдық теориясының ережелері қолданылмайды. 1) іріктеудің стихиялы тәсілін пошта арқылы кез келген басылымдардың оқырмандарына, сол сияқты радио тың-дармандарына, телекөрермендерге, интернегі пайдаланушыларға сұрау өткізуді айтуға болады.

Барлаушы зерттеулерде таңдаудың негізгі көлемдік тәсілі қолданылады. Бұл әдіспен таңдалған бірліктің (бір ұжым, бір мекеменің) басым көпшілігіне (60-70%) сұрау жүргізіледі.

2) нақтылы болғандықтан кеңінен таралған әдіс - үлестік іріктеу амалы болып табылады. Оның ең негізгі талабы алдын ала зерттелетін жалпы жиынтықтың басты белгілері туралы статистикалық мәліметтердің болуы қажет. Көбінесе басты белгілері төрттен аспауы керек: білімі, табысы,

аумақтық орналасуы, ұлты т.б. Іріктелген жиынтықта осы белгілердің үлесі болады.

**5-билет.**

**1.Әлеуметтану ғылымының реформа жолындағы рөлі.** Көптеген елдерде маңызды әлеуметтік саяси өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістер ағынынан ҚР да сырт қалып отырған жоқ. Елімізде өмірдің барлық жақтарын терең реформалау жүріп жатыр. Егер де жүргізіліп жатқан реформалық өзгерістер ғылыми тұрғыда терең негізделсе, оны іске асыру жолдары жан-жақты жоспарланған болса, онда реформаның нәтижелері халық көңілінен шыққан болар еді. Реформалау қызметінде Ш.Уалихановтың қосқан үлесі зор. Ол орыс қоғамында жүргізіле бастаған реформаларды зерттей келе, оның қазақ даласына да игілікті әсері бола ма деп үміттенеді. Сонымен қатар ол қазақ қоғамында жүргізілуге тиісті өзгерістердің бірі – сот реформасының қандай бағытта жүргізілуі қажет екендігі туралы, саяси әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтерді. Өзінің "сот реформасы жайында хат" деген еңбегінде саяси әлеуметтік проблемаларды ғылыми тұрғыдан терең талдайды. Ол "формализм мен бюрократизм кертартпалық тоқырауға себепші болды және оған дейін қандай да болсын пайдалы қоғамдық іске қытай қорғаны сияқты тосқауыл жасап, халықтың жасампаз жігерінің талабы мен жиілеп, жаңа бетбұрыс алған еркін ағынды тоқтатты",-деп көрсете келіп, Шоқан қазақ даласында жүргізілуге тиісті реформа, қандай да болсын өзгерістер халықтың мүддесіне, оның материалдық мұқтажына сай келуі, әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сәйкестендірілуі қажет деп қорытты.

**2. Әлеуметтік стратификация.** Қоғамның түрліше әлеуметтік топтарға, қауымдастықтарға т.б. Жіктелуі батыстық социологияда көбінесе әлеуметтік стратификация деген терминмен белгіленеді. Бұл термин қоғам мүшелерінің әлеуметтік күйінің бірдей еместігін, олардың әлеуметтік теңсіздігін білдіреді. Теңсіздіктің екі түрі ажыратылады. Біріншісі - табиғи теңсіздік. Олар табиғи белгілер арқылы ерекшеленеді, мәселен, адам жынысы, жасы, бойы, темпераменті, т.б. жатады. Ал әлеуметтік теңсіздік - әлеуметтік себебі бар қажеттілік, оның себептері әлеуметтік факторлар арқылы белгіленеді. Қысқаша стратификация (әлеуметтік жіктеу) дегеніміз - тәртіп, ол бойынша теңсіздік, үлкен мүмкіндікпен, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріледі. Қоғамда әр түрлі (страттар) жіктер калыптасады. Әлеуметтік құрылымды қоғамдағы алатын орнына қарай ажыратылатын әлеуметтік топтардың жиынтығы деп қарай отырып, социологтар бұл топтар бір-бірінен қалайша ажыратылады деген сұраққа жауап береді. Ғалымдар әлеуметтік теңсіздіктің шығуына әр түрлі түсінік береді. ХХ-шы ғасырдың 40-жылдарында жасалған функционалдық бағытының өкілдері әлеуметтік стратификация ерекшелігінің себебін қоғамның функциясының бөлуінде деп түсіндіреді. Теңсіздіктің себебі қоғамда билік, тұтынушы және жұмыс атқарушы қызметтерінің роліне байланысты. Мұндай көзқараста субъективті пікір калыптасады. Әлеуметтік стратификация теориясы қоғамның типтік дәрежесін және даму сатысын анықтайды. Марксизм қоғам дамуында бес түрлі формация - сатыны бөліп көрсетеді: алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленушілік қоғам, феодализм, капитализм және коммунизм. Бұл қоғамның негізгі - өндірістік катынастар.

3. **Әлеуметтік зерттеудің түрлері.** Зерттелетін затты, пәнді талдауда, қойылатын мақсатына, оның тереңдігі, көлемі мен күрделілігінің сипатына сай әлеуметтанулық зерттеулер үш түрге бөлінеді: 1.*Барлаушы.* 2.*Баяндаушы* (суреттеуші). 3.*Талдаушы* (сараптаушы).

1.Барлаушы зерттелер олардың қарапайым түріне жатады. Мұндағы қойылатын, әрі шешілетін мақсаттармағынасы жағынан шектеулі келеді. Сондықтан зерттелетін жиынтық өзі де аз ғана көлемде, бағдарламасы қарапайым, қолданылатын құралдарының көлемі де шағын болады. Барлауша зерттеу арқылы терең және көлемді баяндаушы және талдаушы зерттеулерге дайындық жасалынады.

2. Баяндаушы (суреттеуші) зерттеудің күрделілігі біршама аса түседі. Мақсаттары мен мүдделері бойынша бұл зерттеу тәжірибелі деректерді жинау арқылы оқылатын құбылыс, оның құрылымдық бөлшектері туралы біртұтас түсінік қалыптастыруды көздейді. Зерттеуге арналған аспап барлау арқылы жетілдірілген және толықтырылған түрде қолданылады. Бағдарламасы соған лайықты, көлемі толықтау келеді. Зерттеу объектісі салыстырмалы түрде үлкен әр тектілікпен сипатталатын қауымдастықтар болады.

3.Талдаушы зерттеу әр түрлі әлеуметтік құбылыстардың құрылымдық бөлшектерін баяндаумен шектелмейді. Зерттеудің ең терең сараптаушы түрі ретінде құбылыстар мен үдерістердің түпкі себептерін анықтауды көздейді. Егер баяндаушы зерттеудің барысында оқылатын құбылыстардың сипаттамаларының арасындағы байланыстарды тауып көрсетсе, талдаушы зерттеуінде олардың, яғни ашылған байланыстардың себептілігінің сипатын анықтайды.

**6-билет.**

**1.Әлеуметтану пәнінің негізгі категориялары.** Ғылымның ішкі логикасын, оның пәні мен әдістерінің сипатын ашатын, әлеуметтік құбылыстар мен процестердің мәнін танып білудің керегі - социологияның категориялары және заңдары. Категориялар - әлеуметтік болмысының мәнді жақтарын, касиет-белгілерін, құрылымдық элементтерін бейнелендіретін негізгі ғылыми ұғымдар. Социологияның ең негізгі, мазмұны жағынан көлемді категориясы "әлеуметтік" ұғымы. Бұл ұғым "әлеуметтік жүйе", "әлеуметтік құрылым", "әлеуметтік топ", "әлеуметтік әрекет", "әлеуметтік мінез-құлық" т.б. көлемді ұғымдарды қамтиды. "Әлеуметтік қауымдастық" социологияның негізгі категорияларының бірі. Әлеуметтік қауымдастық - бұл, индивидтер мен кез келген адамдар топтарының жай ғана қосындысы емес, керісінше ол тұрақты және тұтас әлеуметтік түзілім, оның субъектілері ортақ мүддесімен біріккен және өзара бір-бірімен әрекетке түседі.

Әлеуметтік қауымдастық әдетте түрлі әлеуметтік қауымдастыққа кіретін және оларда түрлі әлеуметтік рөл атқаратын индивидтің әлеуметтік болмысының бүкіл түрлері мен формаларын қамтиды. Ол тұлға мен қоғамның өзара байланысы мен озара әрекетін жанама түрде береді. Әлеуметтік қауымдастық категориясы, социологияның мәні мен ерекшелігін түсіну үшін өте маңызды құбылыстар мен процестердің субъективтік кызмет жағын айырықша бөліп көрсетеді.

Әлеуметтік қауыйдастықтарды өзінің типі жағынан кеңістік - мезгілдік масштабтағы (мысалы, адамдардың әлемдік қауымдастығы және олардың мемлекеттік қауымдастығы; әр түрлі масштабтағы қоныстың қауымдастықтар; социодемографиялык қауымдастықтар) және олардың мүдделерінің мазмұнымен бірігетін тип (мысалы, әлеуметтік - таптың, әлеуметтік - кәсіби, этноұлттық, т.б. қауымдастықтар) болып бөлінеді. Әлеуметтік әрекетің субъектісі ретінде тұлға да, әлеуметтік институттар да, таптар да болса алады.

Жалпы бірліктің өмір сүру процесінде көптеген шексіз әлеуметтік байланыстар қалыптасады. Ол байланыстар белгілі бір заңға, заңдылықтарға сүйенеді, соның негізінде іске асады. Әлеуметтік заңдар - әлеуметтік процестер мен әлеуметтік .арасында болатын қажетті, мәнді, тұрақты, қайталанатын қатынастар мен байланыстардың заңдары. Әлеуметтік заңдар бүкіл қоғам мүшелерінің іс-қимылының жиынтығы ретінде қалыптасады. Бұл заңдар қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің сайма-сай келмеуін де көрсетіп отырады. Соған қарамастан адамдар әлеуметтік заңдарды өз кызметтсрінде саналы түрде пайдаланып, заңдардың әрекет ету формалары мен шарттарын өзгерте алады.

Әлеуметтік заңдар жалпы бірліктін іс-әрекетінде керіне отырып, олардың қатынастарын анықтайды. Бұлар ұлттар, таптар, әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-кәсіптік топтар, қала мен село арасындағы катынастар, сонымен катар қоғам мен олеуметтік ұйымдардың, қоғам мен еңбек ұжымының, қоіам мен отбасының, қоғам мен жеке адамның арасындағы қатынастар. Сонымен, әлеуметтік заңдар осы қатынастарды анықтайды. Әлеуметгік заңдарды түрлі белгілері бойынша классификациялауға болады. Жалпылығы жағынан олар жалпы зандар (қоғам дамуын, біртұтас әлеуметтік жүйе дамуын анықтайды) және ерекше зандар (әлеуметтік жүйенің жекелеген элементтерін, коғам бөлшектерін сипаттайтын) болып бөлінсді. Өзінің іске асуына карай динамикалық және статистикалық болып бөлінетін заңдар да бар. Диаамикалык заңдар нақты жағдайда өз ретімен болатын окиғалар арасындағы бір мәнді, байланысты көрсетеді, олардың бағытын, түрлері мен факторларын анықтап береді. Ал статикалық заңдар әлеуметтік жүйенің тұрақты мерізіміндегі бағыттарды, үрдістерді, әлеуметтік құбылыстарды сипаттайды.

**2. Әлеуметтік дифференциация және әлеуметтік теңсіздік.** Қоғамның әлеуметтік құрылымының проблемалары адамзат өмірінің басты ерекшелігі және орталық, зәру проблемасы — теңсіздік проблемасына тікелей байланысты. Сондықтан оған батыс (к. Маркс, м. Вебер, г. Моска, в.парето, п. Сорокин, р. Дарендорф, б. Барбер және басқалары) және отандық (әженов м.с., аитов н.а., биекенов к.у., ешмұхамедов а.ш., сәрсенбаев т.с. Және басқалары) мектептің көптеген қоғам танушы ғалымдары назар аударды және аударып отыр.

К. Маркстің және оның ізбасарларының таңдауы толық түсінікті: К. Маркс таптық құрылым аса көп деңгейде дамыған XIX ғасырдағы нақты капитализмге бағдар жасады. Екі антагонистік таптың (буржуазия және пролетариат) тағдыры марксизмнің ғылыми болжамында берілгеннен біршама өзгеше қалыптасты. Таптық құрылымның тұжырымдамасын Макс Вебер де дамыты, ол «тап» санатын айқындау кезінде көп ретте К.Маркспен келісті, меншіктің рөлін және капитализмдегі теңсіздікті мойындады. Маркстен айырмашылығы, Вебер ресурстарды бөлу жөніндегі дауды шешілмейтін деп санады. Вебер назарды құрылымдар дифференциясының басқа негізінде шоғырландырды және экономикалық тап ұғымын айқындау үшін күш салады. Ол еңбек нарығына назар аударады — бұл әлеуметтік топтардың жанама қақтығысу аренасы.

К.Маркстан айырмашылығы, Вебер экономиканы ұйымдастыруды стратификация негізі деп санамады. Вебер теңсіздіктің үш негізгі компонеттерін айқындады. Ол оларды өзара байланысты және де маңызды қатынастарда тәуелсіз деп санады. Бірінші компонент — *мүліктік теңсіздік.* Вебер, әр түрлі таптың өкілдері — шаруалардың, жұмысшылардың, көпестердің кіріс алу және тауар сатып алу үшін бірдей емес мүмкіндіктері бар екенін мойындайды.Вебер істің барлығы да байлықта емес екенін сезінді. Ол мекемелердің тұрақты өсуі, бұл әлеуметтік әрекеттердің шапшаңдауына алып келеді.

Теңсіздіктің екі түрі ажыратылады. Біріншісі - *табиғи теңсіздік.* Олар табиғи белгілер арқылы ерекшеленеді, мысалы, адам жынысы, жасы, бойы, темпераменті, т.б. жатады. Ал *әлеуметтік теңсіздік* - әлеуметгік себебі бар қажеттілік, оның себептері әлеуметтік факторлар арқылы белгіленеді.

**3. Зерттеудің негізгі әдістері, олардың сипаттамасы.**

Әлеуметтануда ақпарат алудың маңызды құралы, көзі және әдісі құжаттар болып есептеледі. Әлеуметтануда құжат деп ақпаратты сақтау мен жеткізу үшін адамның арнайы жасаған затын айтады. Құжаттарда жеке адамнын, ұжымның, халықтың үлкен тобынын және жалпы коғамның кызмет процестері мен оның нәтижелері жөнінде мағлұматтар жинакталады. Сондықтан олар әлеуметтанушылар үшін аса маңызды. Құжаттарды түріне карап бес топқа бөледі:

I/. Ақпаратты белгілеу тәсіліне қарай бөлінген құжаттар, бұған жазба, баспа, кино - бейнелеу таспасына түсірілген жазба, магнит таспасындағы жазбалар жатады;

2/. Мақсат-міндетіне қарай бөлінген құжаттар, бұған зерттеу бағдарламасына сәйкес зерттеушілердің

күшімен алған мате-ришщар, баска да мақсаттар үшін жасалған кордағы құжаттар саяды;

3/. Арнайы құжаттығына орай бөлінген кұжаггар, о;шрға жеке адамнын. Күнделігі, хаттары статастикалык материалдар, баспасөз мәліметері, жиналыстың хаттамалары т.б. жатады;

4/. Құжаттың түпнүскасында статусына карай бөлінгендер болады.- олар ресми және ресми емес болып бөлінеді. Ресми құжаттарға: мемлекеттік статистика мея мемлекеттік архив мәлі-меттері ресми емес кұжаттарға: жеке азаматгар жасаған құжаттар т.б. жатады;

5/. Ақпараттың алыну көзіне орай бөлінгеняер: бастапкы құжаттар және екінші катардағы құжаттар больт бөлінеді. Бас-тапкы құжаттар тікелей бакшіаудын немесе сұрақ-жауалтың негізінде алынған мәліметгәр; екінші катардағы құжаттар, яғни бастапкы құжаттарды сипаттаушы немесе - корытындылаушы^

Құжаттармен жұмыс істегенде зерттеутпі олардын сенімділігіне назар салуы кажет. Осыған орай құжаттан алынар ақиқаттың сенімділігін тексерістен еткізетін ережені білу шарт.. Мұндай ережелерге мыналар жатады:

I. Окиғаларды суретгеуден оларға берілгек бағаны ажырата білген дұрыс, окиғаларға берілген бағадан фактілер әлде кайда сенімді болады. Кейде құжаттарға берілген баға болады, бірак оларды суреттейтін жағдай толык берілмеген болып шығады. Мұндай құжаттарға сенімсіздікпен қарау керек.

2. Құжатты құраушының оны дайындаудағы ниетін, мотавин анықтаған жөн. Жұмысы туралы есеп беруші автор өзінің сіңірген еңбегін асыра көрсетуге тырысады. Ал бакылаушы органдар, керісінше жұмыстағы кемшіліктер мен кателіктерді теріп жазады.

Құжатты әзірлеуші адамның фактілерді т.б. іріктеп алу әдісін де білген жөн. Бастапкы кұжат екінші рет жасалған құжатка карағанда сенімді болады.

Құжатты дайындау кездегі елдік, ұжымнын т.б.жағдайын білу шарт. Сонда ғана құжатгың сол уакыттағы жағдайды объективті беріп немесе бермей отырғандығы аныкталды. Құжаттарды тал-дау дәстүрлі жолмен және формальды турде жүреді. Барлык құжаттар түрлерин оқып-үйрену сын тұрғысынан карауды талап етеді.

## 7-билет.

**1.Әлеуметтік байланыс, әлеуметтік қауымдастық.** Ғылымның ішкі логикасын, оның пәні мен әдістерінің сипатын ашатын, әлеуметтік құбылыстар мен процестердің мәнін танып білудің керегі -социологияның категориялары және заңдары. Категориялар - әлеуметгік болмыстың мәнді жақтарын, касиет-белгілерін, құрылымдық элементтерін бейнелендіретін негізгі, ғылыми ұғымдар. Социологияның ең негізгі, мазмұны жағынан көлемді категориясы "әлеуметтік" ұғымы. Бұл ұғым "әлеуметтік жүйе", "әлеуметтік құрылым", "әлеуметтік топ", "әлеуметтік әрекет", "әлеуметтік мінез-құлық" т.б. көлемді уғымдарды қамтиды. "Әлеуметтік қауымдастық" социологияның негізгі категорияларының бірі. Әлеуметгік қауымдастық - бқл, индивидтер мен кез келген адамдар топтарының жай ғана қосындысы емес, керісінше ол тұракты және тұтас әлеуметтік түзілім, оның субъектілері ортақ мүддесімен біріккен және өзара бір-бірімен әрекетке түседі.

Әлеуметтік қауымдастық әдетте түрлі әлеуметтік қауымдастыкка кіретін және оларда түрлі әлеуметтік рөл атқаратын индивидтің әлеуметтік болмысының бүкіл түрлері мен формаларын қамтиды. Ол тұлға мен қоғамның өзара байланысы мен өзара әрекетін жанама түрде береді. Әлеуметтік қауымдастық категориясы, социологияның мәні мен ерекшелігін түсіну үшін өте маңызды құбылыстар мен процестердің субъективтік қызмет жағын айырықша бөліп көрсетеді. Әлеуметтік қауыйдастықтарды өзінің типі жағынан кеңістік - мезгілдік масштабтағы (мысалы, адамдардың әлемдік қауымдастығы және олардың мемлекеттік қауымдастығы; әр түрлі масштабтағы қоныстың қауымдастықтар; социодемографиялык қауымдастықтар) және олардың мүдделерінің мазмұнымен бірігетін тип (мысалы, әлеуметтік - таптың, әлеуметтік - кәсіби, этноұлттық, т.б. қауымдастыктар) болып бөлінеді.

Әлеуметтік әрекеттің субъектісі ретінде тұлға да, әлеуметтік институттар да, таптар да болса алады.

Жалпы бірліктің өмір сүру процесінде көптеген шексіз әлеуметтік байланыстар қалыптасады. Ол байланыстар белгілі бір заңға, заңдылықтарға сүйенеді, соның негізінде іске асады. Әлеуметтік заңдар - әлеуметтік процестер мен әлеуметтік .арасында болатын қажетті, мәнді, тұрақты, қайталанатын қатынастар мен байланыстардың зандары. Әлеуметтік заңдар бүкіл қоғам мүшелерінің іс-қимылының жиынтығы ретінде қалыптасады. Бұл заңдар қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің сайма-сай келмеуін де көрсетіп отырады. Соған қарамастан адамдар әлеуметтік заңдарды өз қызметтерінде саналы түрде пайдаланып, заңдардың әрекет ету формалары мен шарттарын өзгерте алады.

**2. Әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильдік.**Латын тілінде «страта» сөзі қабат, қатпар мағынасын білдіреді. «стратификация» ұғымы қоғамдағы әлеуметтік топтардың, жіктердің қат-қабатқа бағынушылық ретімен, тік бір ізділікпен жіктердің орналасуын көрсетеді. Страта сөзі кең мағынада тап, топ мазмұндарында қолданылады. Көптеген социологтар жіктелудің негізін іздеумен шұғылданды. Маркс әлеуметтік жіктелудің табиғатын талдауда алғашқы қадам жасады. Ол капиталистік қоғамындағы әлеуметтік жіктелудің басты себебін өндіріс құралдарын иеленуші, қанаушы – буржуазия, капиталиске және өз еңбегін сатушы, жалданушы – жұмысшы табы, пролетариатқа бөлінуден деп көрсеткен. Маркстің пікірінше екі топтың келіспейтін мүдделері жіктелудің негізін құрайды. Бұл – әлеуметтік жіктелудің бір өлшемді амалы. Социологтар стратификациялық құрылымның негізі – адамдардың табиғи және әлеуметтік теңсіздігі деген көзқарасты түгелдей жақтайды. Біракта теңсіздікті ұйымдастыру тәсілі әр түрлі болуы мүмкін. Вебер әр түрлі страттарға жатқызудың критерияларының санын көбейте түскен. Экономикалық меншікке қатынастың және табыстың дәрежесінен басқа да критерияларын ұсынды. Олар әлеуметтік атақ және белгілі саяси партияларға жататындығы. Атақ дегеніміз жеке адамның туысынан немесе жеке сапасына сәйкес қабылдаған әлеуметтік мәртебесі, ол оған қоғамда белгілі орын алуына мүмкіндік береді.Стратификация критерийлерін Сорокин ол да әрі тереңдете түседі. Қандай да бір болмасын стратқа жатқызу үшін критериялардың біртектес жиынтығы болуы мүмкін емес дейді. Соған сәйкес қоғамда үш стратификациялық құрылымның бар екендігін көрсетеді: *экономикалық*, *кәсіби* және *саяси*. Күрделі байлық және экономикалық билікпен иесі формальды түрде саяси биліктің құрылымына еңбеуі де мүмкін. Керісінше, күрделі саяси атаққа ие болған саясаткер меншік иесі болмау да мүмкін. Кейінгі уақыттарда социологтар стратификациалаудың критерийлерін кеңейту туралы түрлі ойлар қосты. Мысалы, оған білім дәрежесін қосу, т.б. Ашық индустриалды қоғамда стратификациялық критерийлер көп жоспарлы.

**3. . Информацияны жинау және өңдеу**

Ақпаратты зерттеудің әдістері:

Сауалнама (жазбаша-анкета, ауызша-сұхбат);

Бақылау (стандартталған және стандартталмаған);

Эксперттік сұрақтар;

Лабораториялық эксперимент;

Құжаттарды талдау (18түрі бар. Оның ең күрделісі - контент-анализ);

Социометриялық әдіс (негізін салушы джордж морено).

Эмперикалық әдістерді жинау: і.

Басқа өлшемдерді қолданып, мысалы мәліметті жинау тәсілі жағынан зерттеу төрт түрге бөлінеді: сұрақ қою, бақылау, құжаттарды талдау, тәжірибені жасау.(анкета, интервью,сауалнама беру). Құжат мәтінде, таспада, дискіде берілген ақпаратты сақтау жіне беру үшін жасалған зат. Бақылау (ең маңыздысы) – өандай да бір элементтің өту кезінде болатын системалық, бағытталған фиксациясы. Сұрау жүргізу тәсілі әлеу.у зерттеуінің кең тараған түрі.(ол арқылы 80-90% бастапқы деректерді жинайды). Сұрақ қою екі жолмен өткізіледі: сауалнама жүргізу мен сұхбат өткізу түрінде. Олардың негізінде сұралатын адамға қойылатын сұрақтардың жиынтығы жатады. Осы сұрақтарға берілген жауаптарды бастапқы мәлімет, ақпарат деп түсініуіміз керек. Сенімді ақпаратты жинау үшін сауалнаманы құрудың бірқатар ережелері мен қағидаларын ұстану қажет. Сауалнаманың сұрақтары үш топты құрады. I. Мазмұны бойынша адамдардың санасы, жүріс тұрысы жөнінде және респонденттің өзі туралы өмір баяндық мағлұматтар. II. Нысаны бойынша сұрақтар ашық, жабық, тік, жанама болып бөлінеді. III. Атқаратын қызметі бойынша екі топтамаға: сұрақтар *негізгі* және *негізгі емес* болып бөлінеді.

Мәліметтерді өңдеу келесі сатылардан тұарды:

I. Ақпаратты сараптау және кодтау. Бұл қадамның мақсаты – әлеу-к зерттеу барысында алынған ақпартты унификациялау мен формализациялау;

II. Айнымалыларды жасау. Анкеталар негізінде жиналған ақпарат зерттеу барысында шешілуге тиіс сұрақтарға жауап береді, өйткені операциялау процесінде сұрақтар индикаторлар формасына ие болды. Ендігі кері процедуарны жүргізу қажет, яғни мәліметтерді зерттеулер сұрағына жауап бере алатын формаға келтіру қажет.

III. Статистикалық анализ – әлеу-к мәліметтерді анализдеу процесіндегі кілтті қадам. Оның барысында әлеу-у мамандарына жалпылаулар мен қорытындылар жасауына мүмкіндік беретін тәуелділіктер мен заңдылықтар анықталады.

Мәліметтерді өңдеу мен анализдеу кезінде ранжирлеу, шкалалау, корреляция және т.б әдістерді қолданылады. Ранжирлеу – зерттелетін обьектілерді оларды тәртіптеу негізінде қатыстық мәнділігін қалыптастыру процедурасы. Ранк дегеніміз – топтағы бағаланатын обьектіміз, баға үшін маңызды қасиеттерге ие басқа да обьектілердің реттік орнын сипаттайтын көрсеткіш.

## 8-билет.

**1.Қазіргі замандағы әлеуметтанудың негізгі парадигмалары.**Социология шығу кезінен бастап бірнеше теорияға негізделетін. Ал XX ғ-да олардың саны көбейе берді. Қазіргі әлеуметтанудың ерекше қасиеті – бірнеше парадигманы бірдей қабылдауы. Неғұрлым парадигмалар әлеуметтік әлеуметтік шындыққа әркелкі түсіндірме берсе, соғұрлым ақиқатын тереңірек ұғынуға жақындай түсеміз және интегралды парадигманың бейнесін жасай аламыз, себебі жеке парадигмалар бәрін қамти алатын қоғамға талдау беруі мүмкін емес. Олар қоғамды көрсетуде өзінің тек қана нақты бірен-саран үлесін қосады. Барлық социологиялық парадигмаларды қоғамды талдаудың негізгі тәсілнамалық амалдарының сипаты бойынша екі үлкен топқа бөледі. Біріншісіне құрылымдық парадигмалар жатады. Олар қоғамның ұйымдастырылуын, қызмет етуін және дамуын әрі макро деңгейде қарастырады. Екіншісін пайымдаушы парадигмалар құрады. Олар адамдардың жүріс-тұрысын макродеңгейде зерттейді. Негізгі макросоциологиялық парадигмаларға марксизм және құрылымдық функционализм жатады. Функционализмді жақтаушылар қоғамды біртұтас жүйе ретінде, оның өзара байланысты бөлшектерден тұратынын көрсетеді. Олардың көзқарастарына сай осындай құрылымдық бөлшектерге экономикалық, саяси, әлеуметтік, әскери, діни, мәдени және т.б. институттар жатады. Функционалдық амал әлеуметтік дамудың тұрақтандыру мен эволюциялық жақтарына ерекше көңіл аударса, қазіргі батыс әлеуметтануында оған қарама-қарсы социологиялық ойлау көзқарасы да бар.

**2. Қазақстандағы орта таптың қалыптасуы: проблемалар және көріністер.** Ортаңғы тап дүниежүзілік тарихтағы бірегей құбылыс. Ол адамзат баласының бүкіл тарихында бұрын болған емес. Ортаңғы тап жиырмасыншы ғасырда пайда болды. Ол қоғамда ерекшелік қызметін атқарады, қоғамның тұрақтылығын сақтаушы. Ортаңғы тап қарама қарсы тұрған екі тапты – кедейлер мен байларды бір бірінен алыстатып, олардың қақтығысуына жол

бермейді. Орта тап неғұрлым үзілуге таяу тұрса, стратификацияда қарама қарсы тұрғындар соғұрлым бір біріне жақындаса түседі, олардың қақтығысқа баруының ықтимадылығы артады және керісінше де болады. Орта таптың жоғары бөлігі мен бай таптың арасында ұқсастықтар көп.сондықтан да кейде олар да байлармен бірге қабылдана береді . Орта таптың орта жігі сол таптың экономикалық, саяси және әлеуметтік табиғатын дәл сипаттайды. Қазақстандық орта таптың төменгі бөлігі де бар. Бұл топтағылар материалдық жағынан қарапайым тұрады. Оларда артық ақша жоқ, киім мен тамақ та қажетінше ғана, еңбек ақымен ғана күн көреді. Көпшілігінің жұмысы, үйі ғана бар. Бұл топ кедей тапқа өте жақын. Қазақстандағы орта тап қалыптасу үстінде. Әзірше әлемнің дамыған елдерінде қабылданылған өлшемге сай келмейді. Қазақстан халқының 15-20 пайызын орта таптың түрлі топтарына жатқызуға болады.

**3. Әлеуметтік зерттеуді ұйымдастыру** . Әлеу-к зерттеудің нақты түрі оған қойылған мақсат пен шарттардың сипатымен көрсетіледі. Осыған сәйкес әлеу-к зерттеудің 3 түрін ажыратады:
*1) бақылаулық, 2) суреттемелік, 3) сараптамалық.* Бақылаулық әлеу-к зерттеу(пилотаждық) мазмұны бойынша шектелген мақсаттарды шешеді.Бақылаулық зерттеулер н/е құбылысты алдын ала зерттеуге арналған,проблема аз ауқымда болғнда ол зат пен объект жөнінде толық ақпаратты анықтап береді, гипотезаны дұрыстайды.Сараптамалық зерттеулер-оқылатын құбылыстың элементтерін суреттеуге ғана мақсат етіп қоймай, сондай-ақ оның негізінде жатқан себептерді түсіндіру де мақсат еткен әлеу-к аналищдің ең тереңдетілген түрі, бақылау әлеу-к зерттеулерде әрқайсысында маңызды процедура бар 3 негізгі типті бөліп айтуға болады: дайындық сатысы(зерттеу бағдарламасын өңдеу), негізгі (бақылау зерттеулерін жүргізу), тәмамдайтын(мәліметтерді өңдеу мен талдау, қорытындылар мен нұсқауларды қалыптастыру). Нақты әлеу-к зерттеулер-әлеуметтану және жаратылыстану ғылымдарының өкілдері ішінен ерекшелеп тұратын өзіндік бір бөлігі. Бақылау
әлеу-к әдістерді меңгеру зерттеушіден тек қана әлеу-к пәндерді ғана емес, сондай-ақ әлеу-к философия, психология, әсіресе математиканы, статистикалық әдістерді, информатиканы білуден тұратын байсалды кәсіби дайындықты талап етеді. Бақылау әлеуметтанымал жаратылыс мамандары болуы бекер емес (мысалы, Галилей, Лаплас). Әлеу-к зерттеу жүргізу үшін бағдарлама жасалады. Бағдарлама деп ғылыми ізденістің әдістемелік және әдістеме шарттарын қамтитын құжатты айтады. Бағдарлама әдістемелік, әдістеме және зерттеуді ұйымдастыру тауарларынан тұрады.Әдістемелік тарауда зерттелетін проблема және оның тұжырымы зерттеудің мақсаты анықталады.

## 9-билет.

**1. Жеке адам әлеуметтануы.**

Адам көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Адамның мәнін қарастырмастан бұрын "адам", "индивид", "тұлға" ұғымдарын ажыратып алған жөн. "адам" ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ кдсиеггер мен ерекшеліктерді сипаггауда қодданылады. Индивид — биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға — қоғамдық, қатынастардын субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік кауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, өлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тұлғаны әлеуметгік тұрғыдан талдау оның құрылымыан аныктаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымынан үш элементті "ол", "мен" жөне олардан жогары "супер эго" түрінде қарастыратын з.фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. "ол" — бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсберггің көрінбейтін белігі сиякгы сана түкпіріміз. "мен" — бұл түйсікгермен байланысты, дуркін-дүркін оған кіріп отыратын сана. "эго" санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, "меннен" жоғары, моральдық нормалар мен принциптердің жиынтығын құратып, адамгершіліктің "қадағалаушысы", ішкі бақылаушысы іспетті.

Сонынен тұлға биологиялық пен әлеуметтіктің шегінде орналасқан күрделі нысан. Тұлғаларда қайталанбас, тек соған ғана тән касиеттермен бірге көпке ортақ сипаттар бір-бірімен ұштасып жатады. Әлеуметтік жүйенің белсенді құрамдас бөлігі болатын тұлғалар. Қолдағы бар мүмкіндіктерден қажеттісін тандап алу еркіндігін пайдаланып, болашақ өмірінің жобаларын жасайды; алдына мақсат қойып, оған қол жеткізу үшін бар күш-жігерін жұмылдырады; объективті әлеуметтік құрылымдарда, әлеуметтік байланыс жүйесінде тұрақгы өзгерістерге қол жеткізеді, өз кезегінде объективті әлеуметтік болмыс, көбінесе, тұяғаның өзін-өзі жетілдіру процесінің бағыты мен мазмұнын анықтап отырады. Қоғамның стратификациялануы тұлғалардың түрлі типтерін (жұмысшы тұлғасы, зиялы тұлғасы, жетекші тұлғасы, дәрігер тұлғасы, инженер тұлғасы, т.б.) қалыптастырады. Базистік тұлға (қоғамдағы кеңінен таралған сипаттарға ие тұлға) мен идеал тұлға (қоғамда эталон ретінде жарияланған тұлға) ұғымдары да бар.

**2. Қазақ ойшылдарының әлеуметтік саяси көзқарастары.**

